



«БЕКІТІЛДІ»

«Маңғыстау облыстық жоғары
медициналық колледжі» ШЖҚ
МКК басшысы

С.Насиголлақызы

« 05 » 09 2023ж.

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСТЫҚ ЖОҒАРЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КОЛЛЕДЖИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ӘДЕП КОДЕКСІ

Колледж миссиясы:

Кәсіби дағдалары дамыған, халықаралық талаптарға сай, бәсекеге қабілетті, білікті мамандар дайындау.

Болжам – еңбек нарығында білікті, бәсекеге қабілетті, өз жұмысын білетін, әлемдік стандарт деңгейінде кәсіби өсуге бағдарланған кадрлар. Жаңашыл өзгерістерге тез бейімделетін, өз ойын еркін жеткізе алатын, өз халқының ұлттық тілін, мәдениетін, тарихын жетік білетін мамандар.

Біздің принциптер:

Колледж қызметкерлері өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

1. Бейтараптық;
2. Адалдық және объективтілік;
3. Әдептілік;
4. Кәсіби құзыреттілік;
5. Мінсіз мінез-құлық;
6. Адалдық
7. Ақпараттың құпиялылығы;
8. Адамгершілік;
9. Тәуелсіздік

1. Өз қызметінде колледж қызметкері:

1) Өзінің лауазымдық міндеттерін адал орындайды, еңбек тәртібін сақтайды, өз жұмыс уақытын ұтымды және тиімді пайдалануға;

2) Жоғары моральдық және адамгершілік өлшемшарттарға сәйкес келеді, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулер мен тыйым салуларды сақтайды;

- 3) жұмысында заманауи әдістері мен технологияларын басшылыққа алады;
- 4) Өзінің кәсіби білімін, дағдыларын, құзыреттері мен кәсіпқойлығын үздіксіз жетілдіреді;
- 5) Қазақстан Республикасының медицина қызметкері жоғары атағының беделін түсіруге қабілетті әрекеттер немесе әрекетсіздікер жасамайды;
- 6) Сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұрады;
- 7) Қызметтік ақпаратты пайдакүнемдік және өзге де жеке мақсаттарда пайдалануға жол бермейді;
- 8) Заңда тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық көзделген құқық бұзушылықтар мен бұзушылықтар жасауға жол бермейді;
- 9) Жеке мәселелерін шешу мақсатында қызметтік жағдайды пайдалануға жол бермейді, қызметтік міндеттерін орындауға байланысты жеке және заңды тұлғалардан сыйлықтар, қызметтер алу фактілеріне жол бермейді;
- 10) Жеке үлгісімен орнықты моральдық-психологиялық жағдай жасауға және ұжымда корпоративтік әдеп пен қауіпсіздік қағидаттарын сақтауға ықпал етеді;
- 11) Азаматтардың Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау жүйесіне сенімін нығайтуға ықпал етеді;
- 12) Ар-намыс кодексінің нормаларын сақтауға ықпал етеді.

Білім алушылармен қарым – қатынаста оқытушылар:

- 1) Шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге де мән-жайлар бойынша қандай да бір кемсітушілікке ұшырамайды;
- 2) Студенттің жеке өміріне және құпиялылық құқығына құрметпен қарайды;
- 3) Студенттің мүддесі үшін ғана шешім қабылдайды;
- 4) Кәсіптік қызмет шеңберінде мұқтаж адамға оның тұрған жері мен уақытына қарамастан көмек көрсетеді;
- 5) Өз денсаулығын сақтау үшін ортақ жауапкершілік қағидаттарын түсіндіреді.

3. Әріптестермен қарым-қатынаста колледж қызметкерлері:

- 1) Іскери этикет пен қызметтік тәртіп ережелерін сақтайды.

2) Әріптестерінің немесе ұйымның аты мен беделіне нұқсан келтіретін жанжалды жағдайлардан аулақ болады.

3) Жанжал туындаған жағдайда колледж қызметкерлері тиісті шаралар қабылдау үшін тікелей басшымен қақтығыс мәселесін талқылайды.

4) Қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлық көріністерін жасаған деп көпшілік алдында негізсіз айып тағылған жағдайда колледж қызметкері осындай айыптау анықталған күннен бастап бір ай мерзімде оны теріске шығару жөнінде шаралар қолданады.